

**Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімі
№1 «Еркетай» Алға бөбекжай - балабақшасы**

**«Жеті ойыншықтың кереметтері»
ересек топ тәрбиеленушілеріне(4 жас)
арналған бағдарлама**



Алға қаласы, 2023 жыл

Ақтөбе облысының білім басқармасы
Алға ауданының білім бөлімінің expertтік
кеңесінде бекітілді.

Хаттама № 1 « 01 » 09 « » «2023ж»
Ш.У.Бектурганова: Ш.У.Бектурганова Алға ауданының
білім бөлімінің әдіскері

Құрастырған :

Г.Т.Жұмағалиева №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі, педагог-модератор

Пікір жазғандар:

А.Е.Шонтыбаева- №1 «Еркетай» Алға бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі, педагог-сарапшы

Ж.С.Есеналина-№1 «Еркетай» Алға бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі, педагог-зерттеуші

Әдістемелік ұсыным «Рухани жаңғыру» бағдарламасы
негізінде құрылып, Сәкен Қасымбайұлының «Жеті ойыншық»
авторлық жобасы бойынша дайындалаған. Бұл бағдарламада
ұлттық ойыншықтарды- ойды дамыту мен тәрбие құралы
ретінде
падаланудың тиімді жолдары көрсетілген.

Түсінік хат

Ұсынылып отырған бағдарлама 4 жастағы балаларға арналған. Бағдарламада ұлттық нақышпен айшықталған, табиғи таза ағаштан жасалған ұлттық ойыншық түрлері мен инновациялық әдістерді қолдана отырып, баланы жан-жақты тәрбиелеу жолдары сипатталған. Еңбек танымдық негіздері көрнекі құрал ретінде баланың жалпы дүниетанымын кеңейтіп, білуге деген құмарлығын оятуға, өнерге, соның ішінд ұлттық ұстанымдағы, көркемдік мазмұндағы өз халқымызға тән ерекшеліктерді сүйеге бағытталған.

«Рухани жаңғыру» қағидаттары бойынша жүргізілетін тәрбиелік шаралар кешені мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының, олардың шығармашылық қабілеттерінің оң әлеуметтенуі мен дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау стратегиясын анықтайды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарында пайдаланатын «Жеті ойыншық» авторлық жобасында заманауи инновациялық дамытушы ойындар жинақталған.

Ұлт бесігінде тербетілген баланың болашағы жарқын, санасы сәулелі, көңілі кіршіксіз бала жаны нәзік, сергек, сезімтал. Айнала дүниеге сәби санамен, кәусар көңілмен қарайды.

Пікір

Алынған «Жеті ойыншық» бағдарламасы

Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес лайықталып құрылған. Бағдарламаның ерекшелігі – орталықтарға бөлініп, шағын топпен жұмыс атқару. Яғни балаларды бірін-бірі сыйлауға, бір-бірінің сөзін тыңдауға, ынтымақтастықта болуға үйретеді, оның бойына жағымды әдеттер мен дағдыларды қалыптастырып, олардың жеке басын тәрбиелеуге көмектесетіндей болып, әсіресе жинақы, ұқыпты, өзінің ой мүддесін жолдастарының ой мүддесімен ұштастыратындай, өзінің жеке басын ғана ойлап қоймай басқалардың да жағдайымен есептесетіндей, баланың өз ұлтын және басқа халықтарды құрметтеп, оған деген сүйспеншілігін арттыруға бағытталып, ұлттық ерекшелігін, тұрмысын, мәдениетін көрсететіндей, баланың көркемдік сезімін, әдемілікті, сұлулықты танудың сезімін тәрбиелейді. Бағдарлама баланың жеке басын дамытуға, рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге, ерекше қабілеттерін ашуға, қауіпсіздік пен өзіне деген сенімділікті дамытуға бағытталған. Тәрбиелеу мен білім берудің зайырлы, дамытушылық сипатын ұстана отырып, ұлттық құндылықтарға, баланың денсаулығын нығайтуға, жас ұрпақтың еркін дамуына басымдық береді. Жеті ойыншық алдымен баланың жасына сай саусақ бұлшық еттері (қимыл әрекеті) мен сенсорикасын (сезім мүшелерінің қабылдауы) дамыту арқылы баланың рухани тұрғыдан бай адам болуына қызмет етеді. Бала өздігінен іс-әрекетке барады, оның ішкі күштері босатылған, ол бірте-бірте қадам басқан сайын ересектерден тәуелсіз бола бастайды.

Бағдарламаның мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне лайықты, түсінігіне қонымды. Осы бағдарламаны мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда, әсіресе арнайы түзету тобындағы ерекше балаларға қолдануды ұсынамын.

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу мен білім беру жұмысын жаңаша бағытта, балаларды ерте жастан дамыту және ортаға әлеуметтендірудің озық тәжірибесін өзара ықпалдастыру үлгісін көрсету.

Ойыншықтарды бала тәрбиесінде қолдану арқылы, балалардың бойына ұлттық өнімдерді танып, білуге үйрету. Ой-өрісін танымдық, танымдық қызметін, зейінін, есте сақтауын, сөздік қорын, қиялын, шығармашылық қасиетін дамыту

Міндеттері:

- балалардың бос уақыттары тиімді пайдалану
- жеке тұлға ретінде қалыптастыру
- туған жердің әсем табиғатын сүю, қастерлеу, табиғатты қорғауға, ластамауға насихаттау
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу

Тақырыптық жұмыс жоспары
(жылына 36 сағат, аптасына 1 сағат)

№	Тақырыбы	Мақсаты мен мазмұны	Сағат саны
1	«Жеті ойыншық»	«Жеті ойыншық» туралы балаларға мағлұмат беру. Ойыншық түрлерімен жалпылама таныстыру	1
2	«Жеті ойыншық» Аудиожазба тыңдау	«Жеті ойыншық» туралы өлең жолдарын жаттау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту	1
3	«Ғажайыпстанға саяхат» аспаптар мұражайы. Мультфильм қарау.	Аспап түрлерімен таныстыру. Аспаптар туралы білімдерін кеңейту.	1
4	«Керемет домбыра» құрастыру	Домбыраны құрастыру арқылы іскерлік - дағдыларын қалыптастыру; ұлттық аспап жайлы түсінігін айқындап, ұғымын кеңейту. Жұмыс процесімен таныстырып, ой-өрісі мен қиялын дамыту	1
5	«Керемет домбыра» құрастыру	Домбыраны құрастыруды жалғастыру. Жұмыс процесімен таныстырып, ой-өрісі мен қиялын дамыту. Домбыра туралы аудиожазбаны тыңдау.	1
6	Домбыра қалай пайда болғаны жайлы аңыз	Балаларға домбыра туралы аңызды оқып беру. Ақыл ойын дамыту. Домбыраның ағаштан жасалатынын, оны құрап та, шауып та жасауға болатындығын	1

		түсіндіру	
7	«Шебер бала боламын»	Өлең шумақтарын жаттау. Өлеңдер ұсынылған ойыншықпен ойнау тәсілі арқылы, мәнін түсінуге мүмкіндік беру	1
8	Құрастырылмалы ойыншық – «ҚАСИЕТТІ КИІЗ ҮЙ»	- Балалардан киіз үй жөнінде білетіндерін сұрау. Киіз туралы ақпарат беру. Киіз үй бөліктері мен жабдықтарын таныстыру. Аудиожазба тыңдау.	1
9	Құрастырылмалы ойыншық – «ҚАСИЕТТІ КИІЗ ҮЙ»	Киіз үй бөліктері мен жабдықтарын таныстыру. Киіз үйді құрастыру арқылы қиялын, ақыл-ойын дамыту.	1
10	«Сен білесің бе?»	Киіз үй бөліктерімен таныстыру. Әр бөлігі туралы ақпарат беру	1
11	«Қасиетті киіз үй»	Өлең шумақтарын жаттау. Өлеңдер ұсынылған ойыншықпен ойнау тәсілін, мәнін түсінуге мүмкіндік береді	1
12	«Мағыналы оюлар»	Балаларға мағыналы ою элементтерінен әдемі өрнектерді құрастыра білуге үйрету	1
13	«Ою құрап ойланам» Аудиожазба тыңдау	Өлең шумақтарын жаттау, қайталау. Өлеңдер жаттау арқылы, ұсынылған ойыншықпен ойнау тәсілін, мәнін түсінуге мүмкіндік беру	1
14	«Әсем астанам – Нұр-Сұлтан» Аудиожазба тыңдау	Қаланың көрікті орындары жайлы түсініктерін кеңейту және «Бұл менің әсем Астанам» ойыншығын құрастыра отырып	1

		баланың қиялын, шығармашылыққасиетін дамыту, ойын барысында ынтымақтастыққа, ауызбіршілікке коммуникативтікке тәрбиелеу.	
15	Елорда төріндегі өмір ағашы - Бәйтерек кешенінің пайда болуы туралы аңыздар	Бәйтерек кешенінің пайда болуына негіз болған «Ер- Төстік» жайлы ертегі- аңызды айтып беру. Ой -өрісін дамыту	1
16	Елорда төріндегі өмір ағашы - Бәйтерек кешенінің пайда болуы туралы аңыздар	Бәйтерек кешенінің пайда болуына негіз болған «Асыл құс» жайлы ертегі- аңыздарды айтып беру. Қиялдарын дамыту.	1
17	«Бәйтерек» сурет салу	Бәйтеректің суретін салып, безендіру. Саусақ бұлшықеттерін дамыту	1
18	«Жайлауда»	Ой-өрісін, танымдық қызметін, зейінін, есте сақтауын, сөздік қорын, қиялын, шығармашылық қасиетін дамыту.	1
19	«Жайлауда»	Өлең шумақтарын жаттау. Өлендер ұсынылған ойыншықпен ойнау тәсілін, мәнін түсінуге мүмкіндік береді	1
20	«Жайлауда» жапсыру	Геометриялық пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету	1

21	«Ауа-райы»	Табиғат құбылыстарымен таныстыру. Ағаштан жасалған күн, бұлттар, қар, жел, жаңбыр тамшылары, найзағай түрлерімен ойнату	1
22	«Кемпіркосак туралы ертегі»	Ертегі арқылы табиғат құбылыстарымен таныстыру. Ертегі мазмұнын айтуға үйрету. Қиялдарын дамыту.	1
23	«Кішкентай зерттеушілер»	Балаларға зерттеу құралдарын пайдаланып эксперимент жасауға үйрету. Әртүрлі зерттеу әдістерімен таныстыру.	1
24	«Кішкентай зерттеушілер»	Балаларға зерттеу құралдарын пайдаланып эксперимент жасауға үйретуді жалғастыру. Ой-өрісін дамыту.	1
25	«Ағаш таяқшалар»	Таяқшалар арқылы құралған ойындар мен тапсырмалар арқылы, балаларды қайраттылыққа, алға ұмтылуға, өз мақсатына жетуге, өздігінен әрекет етуге, дербестікке, ұйымшылдыққа үйрету.	1
26	Ағаш конструктор	Балаларды шығармашылыққа, еңбекқорлыққа, бастаған ісін аяқтауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Бала әртүрлі геометриялық фигуралармен, пішіндермен және түстермен танысуға, бөліктерді	1

		байланыстыру тәсілдерін үйрену арқылы саусақ моторикасын дамыту.	
27	Геометриялық денелер	Балаларды геометриялық пішіндер мен денелер жайлы жалпы түсінік қалыптастыру; геометриялық денелер мен геометриялық пішіндерге ортақ ұқсастық, айырмашылық туралы негізгі ұғымдар беру;	1
28	Геометриялық денелер	Қоршаған әлем туралы таныстыруды жалғастыру. Геометриялық денелер туралы мультфильм қарау.	1
29	«Кім сезімтал?»	Балалардың сипап сезу және есте сақтау қабілетін, ақыл-ой, байқағыштығын, қолының ұсақ моторикасындамыту	1
30	Ағаштан жасалған «Мозайка» ойыншығы	Ұсақ моториканы дамыту. Ептілік, қоршаған ортаны сезіну дағдыларын қалыптастыру. Балалардың көз, қимыл-қозғалыс дәлдігі, тепе-теңдікті сезіну, елестету және логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.	1
31	«Ақылды сандар» ағаштан жасалған ойыншық.	Бұл ойыншық арқыл ұсақ моториканы дамытуды жалғастыру. Ептілік, қоршаған ортаны сезіну дағдыларын қалыптастыру	1
32	«Геотакта» ағаштан жасалған әр түрлі түстегі,	Балаларға берілген таяқшалар көмегімен әріптер мен сандарды құрастыру әдісін үйрету.	1

	пішіндегі таяқшалар жиынтығы	Баланың қиялын, зейінін, есте сақтауын, сөйлеуін дамыту. Дербестікке, жігерлілікке тәрбиелеу	
33	«Шарлар әсем әр түсті»	Зейінін, есте сақтауын, ойлауын, үйлесімін тауып, салыстыруға, қиялдауға баулу, шығармашылық қасиетін дамыту.	1
34	«Шарлар әсем әр түсті»	Ойыншықтардың өзіне сай өлең жолдарын анық, дұрыс айтуға үйрету. Өлеңдер арқылы ұсынылған ойыншықпен ойнау тәсілін, мәнін түсінуге мүмкіндік беру.	1
35	Лабиринт	Баланың ой-өрісін, зейінін, есте сақтауын, жазу мен сөйлеу, салыстыру іскерлігін дамыту.	1
36	«Ойыншықтар» мультфильм	Ойыншықтар туралы мультфильм қарау арқылы білімдерін қортындылау.	1
Барлығы: 36 сағат			

Күтілетін нәтиже:

- бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді
- еш қиындықсыз өзіне таныс ұғымдарды математикалық терминдерге айналдыра бастайды.
- бала өзінің қорын кеңейтуге, әріптермен танысуға, саусағымен қиынырақ әріптерді салуға, манна жармасына сурет салуға, сондай –ақ жылжымалы алфавит арқылы сөздерді қоюға үйренеді.
- бала өз ұлтының мәдениетімен, тарихымен, салт-дәстүрімен тереңірек таныса алады.
- баланың саусақ моторикасы дамиды,сенсорлық дамуы қалыптасады
- балалардың қабылдауы,ойлау қабілеті,тілдік қабілеттері артады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» - БАЛА ШАҚТАН мектепке дейінгі ұйымдарға арналған әдістемелік нұсқаулық. Нұр-Сұлтан, 2021 ж
2. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. «Егемен Қазақстан», 2017 жыл, 12 сәуір. 2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев, Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі, Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жыл, 1 қыркүйек. 3. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
4. «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №604 бұйрығы (ҚР БҒМ 05.05.2020 ж №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен).
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы